

Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 06/01 және Сәтбаев қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 223 "Сәтбаев қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) женілдікпен жол жүруі туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 3 ақпандағы № 09/01 бірлескен қаулысы және Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2021 жылғы 3 ақпандағы № 21 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 16 ақпанда № 6188 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 13 бабына сәйкес Сәтбаев қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Сәтбаев қалалық мәслихаты ШЕШІМ ЕТТИ:

1. Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2014 жылғы 2 сәуірдегі № 06/01 және Сәтбаев қалалық мәслихатының 2014 жылғы 31 наурыздағы № 223 "Сәтбаев қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) женілдікпен жол жүруі туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2601 болып тіркелген, "Шарайна" газетінің 2014 жылғы 25 сәуірдегі № 16 (2103) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1 тармақ жаңа редакцияда мазмұндалсын:

"1. Сәтбаев қаласы азаматтарының төмендегі санаттарына қоғамдық көлікте (таксиден басқа) женілдікпен жол жүру белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – тегін жол жүру;  
2) басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне – тегін жол жүру;

3) женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге – тегін жол жүру;

4) еңбек ардагерлеріне – тегін жол жүру;  
5) зейнетқының ең төменгі мөлшерін алатын зейнеткерлерге – тегін жол жүру;  
6) бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектерге – тегін жол жүру;  
7) он сегіз жасқа дейінгі мүгедек балаларға – тегін жол жүру;  
8) бірге тұратын қәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары, оның ішінде қәмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру үйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ

жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар аналарға, "Күміс алқа", "Алтын алқа" алқаларымен марапатталған аналарға – тегін жол жүру.".

2. Осы бірлескен Сәтбаев қаласының әкімдігінің қаулысы және Сәтбаев қалалық мәслихатының шешімі алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сәтбаев қаласының әкімі*

*Сессия төрағасы*

*Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы*

*A. Идрисов*

*К. Балмагамбетов*

*T. Хмилярчук*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК